



«04» қаңтар 2021 жылғы «Жанажол Мунай Сервис» ЖШС Директоры шешімімен бекітілген
«04» қаңтар 2021 жылғы №2 хаттаманы



Еңбекті Қорғау, Қауіпсіздік Техникасы және Қоршаған Ортаны Қорғау саясаты



Еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы және қоршаған ортаны қорғау саласындағы «Жанажол Мунай Сервис» ЖШС (әрі қарай - компания) саясаты жарақаттың және апаттың алдын-алу, тұрақты даму үшін қоршаған ортаға зиянды әсерді төмендету бойынша ұжымдық басқаруға бағытталған, өз қызметкерлері үшін дұрыс және қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз етуді және тұрақты жақсартуды қарастырады.

Компания өз еңбек қорларын өте жақсы бағалайды. Осыған байланысты Компания өз жұмысшыларына қолайлы, қауіпсіз және дұрыс жұмыс жағдайын жасауға тырысады, өндірістік жарақат пен кәсіби аурулар, жұмыс орындарындағы қауіп-қатерді уақытылы анықтау үшін барлық шараларды қабылдайды.

Компания басышылығы еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы, қоршаған ортаны қорғау мен оларды үнемі жетілдіріп, өндірістік тәжірибеге енгізу және еңбекті қорғауда барлық ұлттық және халықаралық стандарттар жүргізіп, қауіпсіздік техникасы мен қоршаған ортаны қорғауда басқарудың барлық принциптерін ұстанады. Сондай-ақ Компания қоқыстардың жиналуына жол бермей, қоршаған ортаны қорғауға, Компания қызметінен болған жағымсыз әсерді азайтуда қатаң принциптерді сақтайды. Компанияда еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы, қоршаған ортаны қорғау саласында спецификалық мақсаттар белгіленген, осы мақсаттардың жетістігі үшін Компания қызметінің нәтижесіне мониторинг жүргізіледі.

Компания басшылығы жұмыс орындарыдағы қызметкерлердің денсаулығын қорғау мен қауіпсіздігін, талдау мен қауіпсіздік басқару жүйесінің қажетті ресурстар мен талаптарға сай болуын, экологиялық қауіпсіздікті жаппай қолдап, Компания қызметі жүзеге асқан жердегі табиғи ортаны сақтауға өз жауапкершілігіне алады Компания еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы, қоршаған ортаны қорғау салаларын басқаруда Компания саясатын енгізуде қажетті шараларды жүзеге асырады.

Осы саясат Компанияның ішкі нормативтік құжаты саналады. Компания атынан қызметін жүзеге асыратын Компанияның барлық қызметкерлері еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы, қоршаған ортаны қорғау салаларына басқару жүйесін енгізуге бар ынтасын салуға және осы саясатты жүзеге асыруға міндетті.

САЯСАТТЫҢ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Компания келесідей принциптерді ұстанады:

- өндірістік қызмет нәтижесіне байланысты қызметкерлердің өмірі мен денсаулығын басымдылық таныту;
- әр қызметкер қауіпсіз жағдайда жұмыс жасауға құқысы бар;
- қауіпсіздік саласын шешу мақсатында қызметкерлермен, қоғамдық кәсіпорындармен, мемлекеттік органдармен тығыз байланысу;
- жағымды қоршаған ортаны сақтау, табиғи ресурстарды тиімді пайдалану;

Заманауи өндірістің қиындығы еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы, қоршаған ортаны қорғауда комплексті әдістерді қажет етеді.



Осы жағдайда Компания келесідей талаптарды жүзеге асырады:

- қауіпсіз еңбек жағдайларын жасау;
- қызметкерлерді қауіпсіз жұмыс жағдайларына үйрету;
- өндірістік жабдықтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, қауіпсіздігі үшін тиісті бақылауды жүзеге асыру үшін негізгі технологиялық жабдықтарды төлқұжаттау,
- ғимарат пен құрылыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- қызметкерлерді жеке қорғаныс құралдарымен қамтамасыз ету;
- демалыс пен жұмыстың тиімді тәртібін қамтамасыз ету;
- қызметкерлердің қауіпсіз іс әрекетін қамтамасыз ету;
- қауіпсіздікке қатысты өндірістік құрылғының мезгілді қайта тексерісі
- кәсіптік сырқаттар мен оқыс оқиғаларды зерттеу
- қызметкерлердің қауіпсіздік техникасы жөніндегі білімі мен лауазымына аттестация өткізу
- кәсіптік сырқаттар мен жарақат алуды болдырмау мақсатында өткізілетін ұйымдастыру шараларын орындау мен дайындау

(нақты орын/жұмыс орны үшін) қызметкерлерге жұмыс барысындағы қауіпсіздік шараларын орнататын нұсқаулықтар беріледі, әдеттегі жұмыс орыны мен өзге де жұмыс орынында.

Бұл нұсқаулықтарда:

- қауіпсіздіктің ортақ талаптары
- жұмыстың басталуы алдындағы талаптар
- жұмыс уақытында қойылатын талаптар
- апатты жағдайлардағы талаптар
- жұмыстың аяқталуына қатысты қауіпсіздік талаптары болуы тиіс.

САЯСАТТЫҢ НЕГІЗГІ МАҚСАТТАРЫ

- мемлекеттік бақылау органдары анықтаған заң бұзушылықтардың санын азайту;
- жұмыс орындарын қызметкерлер үшін қауіпсіз және дұрыс еңбек жағдайларымен жасау, қауіпсіздікті және жұртшылықтың денсаулығын қорғауды қамтамасыз ету;



- жазатайым оқиғалар мен апаттардың алдын алу;
- қызметкерлердің өмірі мен денсаулығына зиян келтіруімен байланысты тәуекелдерді төмендету;
- жұмыс орындарында қауіпсіз еңбек жағдайларын жасау;
- еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы және қоршаған ортаны қорғау саласындағы қызметкерлердің кәсіби деңгейін тұрақты жоғарылату;
- өнеркәсіптік қауіпсіздік жағдайын, қауіпсіздіктің басқа шараларын тұрақты жақсарту;
- төтенше жағдайлар кезінде барабар басқарушылық шешімдерді қабылдау үшін жедел ақпаратты алуды қамтамасыз ету;
- қолайлы қоршаған ортаны сақтау;
- алдыңғы технологиялар мен жабдықтарды қолдану, өндірістік және экологиялық бақылауды, ішкі тексерулерді жүзеге асыру және Компания нысандарының апатқа қарсы күштермен және құралдармен жабдыкталуының жоғарғы деңгейін қолдау.

ОСЫ МАҚСАТТАРҒА ЖЕТУ ӘДІСТЕРІ

- еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы және қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнама талаптарын, стандарттарды және барлық қолданылатын ережелерді орындау;
- жұмыс орындарындағы өзінің барлық қызметкерлері үшін дұрыс және қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз ету және тұрақты жақсарту және өндірістік және мінез-құлықтық тәуекелдерді сәйкестендіру, бағалау, талдау және басқару барысында барлық қызметкерлерді жұмылдыру;
- жұмыс орындарында қауіпсіздік және сақтық шараларын жасау;
- қоршаған ортаға зиянды әсерді рұқсат етілетін деңгейге дейін төмендету;
- қызметкерлердің өмірі мен денсаулығына қауіпті өнеркәсіптік және экологиялық тәуекелдерді анықтау және талдау және оларды басқару;
- қызметкерлердің денсаулығына зиян келтіруге қабілетті апатты жағдайлардың және қақтығыстардың алдын алу бойынша барлық жүзеге асырылатын шараларды қол жетімді және тәжірибелік түрде орынды жүзеге асыру, ал олар туындаған жағдайда - қызметкерлердің денсаулығы мен қоршаған орта үшін олардың салдарын жеңілдету бойынша Компания қызметкерлерімен шараларды жүзеге асыру, салдарын жою, зияндарды азайту, олардың туындау себептерін анықтау және жою;
- өнеркәсіптік апаттарды және өндірістік жарақаттанушылықты жою үшін қажетті шараларды жүзеге асыру;



- қауіпсіздік және еңбекті қорғау, қоршаған ортаны қорғау саласындағы басшылықтың мақсаттары мен тапсырмаларын ұстанған негізде өндірістің қауіпсіздігін және қызметкерлердің қауіпсіз мінез-құлық мәдениетін жоғарылату;
- ластаушы заттардың және парниктік газдардың эмиссиясын төмендетуге бағытталған алдыңғы және қауіпті, энергия-ресурс үнемдеуші, экологиялық таза және аз қалдықты технологияны енгізу;
- еңбекті қорғауды, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігін, қоршаған ортаны басқару және бақылаудың ұжымдық жүйесін қалыптастыру және жетілдіру;
- қызметкерлердің және мүліктің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін қызмет көрсету құралдарын және басқару жүйелерін қолдау;
- төтенше жағдайлардың алдын-алу және тиімді әрекет ету, сондай-ақ олардың салдарын жою;
- мердігерлердің еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы және қоршаған ортаны қорғау саласындағы осы саясатты, ішкі құжаттарды және Компанияның шешімдерін орындауының тұрақты мониторингімен оларды сақтауына талап қою;
- еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы және қоршаған ортаны қорғау саласындағы ықпалды және тиімді әдістерді және жүйелерді қолдану (байланыс және ақпараттық, хабарландыру жүйесі);
- қызметкерлерді қауіпсіз жұмыс әдісіне үйрету және олардың еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы және қоршаған ортаны қорғау саласындағы кәсіби біліктіліктерін, құздыреттеліктерін, қабардар болушылықтарын, жауапкершіліктерін және мәдениетін тұрақты жоғарылату;
- мониторингті толассыз өткізу және керек болған жағдайда еңбек талаптарын жақсарту
- берілген тапсырмаларды орындау үшін қауіпсіз құрылғылармен қамтамасыздандыру
- Компанияның барлық қызметкерлерін қауіпсіздік шараларына белсенді ат салысуға шақыру
- тиімді шараларды өндеуге дайындау мен өнеркәсіптік қауіпсіздік аясында қауіпсіздік шараларын жүзеге асыру
- қоршаған орта жағдайы, еңбек талаптары, қауіпсіздік техникасы жағдайына қызығушылық танытқандарға мәлімет беруді қамтамасыз ету
- еңбек қорғау, қауіпсіздік техникасы мен қоршаған ортаны қорғау талаптары мен нормаларын есепке ала отыра жаңа технологияны енгізу мен бар технологияны әрі қарай толассыз дамыту



- еңбек қорғау, қауіпсіздік техникасы мен қоршаған ортаны қорғау аясындағы мемлекеттік уәкілетті органдармен толассыз әрекеттестік
- Компания қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының заңнамасы, сонымен қатар қоршаған ортаны қорғау, денсаулық сақтау, еңбек сақтау мен қауіпсіздік техникасы, қауіпсіз еңбек талаптарын қамтамасыз ету, экологиялық қауіпсіздік пен экологиялық стандарттарды қорғауды қамтамасыз ету бойынша халықаралық стандарттар талаптарын сақтауы

ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Компания басшылығы осы саясатты жүзеге асыру және қауіпсіздік шараларын жүзеге асыр жөнінде мақсаттарға қол жету үшін жауапты болады. Компания басшылығы қызметкерлерден:

- қауіпсіздік шараларын сақтауды;
- олардың жеке қауіпсіздігі, қоршаған ортаның қауіпсіздігі жөніндегі қамқорлықтың қажетті деңгейімен іс-әрекеттерді;
- қолайлы қоршаған орта жағдайын сақтау бойынша қоғам алдында жауапкершілікті күтеді.

Осы құжат барлық мүдделі тараптар үшін ашық және қол жетімді болып табылады.